

## "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағын құру жөніндегі шұғыл шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 шілдедегі N 770 Қаулысы

"Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 шілдедегі N 1605 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағының дирекциясы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) құрылсын.

2. Мекеме қызметінің негізгі мәні "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағын (бұдан әрі - "Оңтүстік" АЭА) басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асыру болып белгіленсін.

3. Оңтүстік Қазақстан облысының әкіміне "Оңтүстік" АЭА-ны құруға және Мекеменің қызметін қамтамасыз етуге, инфрақұрылым объектілерін салуға, сондай-ақ өзге де күтпеген шығыстарға 2005 жылға арналған республикалық бюджетте кезек күттірмейтін шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 300000000 (үш жүз миллион)) теңге бөлінсін.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.29. N 1171 қаулысымен.**

4. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі:

1) Мекеменің жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында тіркелуін қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) Мекемеге жалпы алаңы 200 (екі жүз) гектар жер бөлуді белгіленген тәртіппен ж ү з е г е а с ы р с ы н ;

3 ) е к і а й м е р з і м д е :

"Оңтүстік" АЭА-ны дамытудың 2005-2015 жылдарға арналған бағдарламасын; ЕурАзЭҚ сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасына сәйкес "Оңтүстік" АЭА-ны құру мақсатына жету үшін қажетті тауарлар номенклатураларын; "Оңтүстік" АЭА-ны құру мақсатына сәйкес келетін қызмет түрлері бойынша жұмыстар мен қызметтердің тізбесін бекіту туралы шешімдердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін;

4) 2005 жылғы 1 қыркүйекке дейін "Оңтүстік" АЭА-ның аумағы қоршауының құрылысын аяқтасын және Мекеменің әкімшілік ғимаратының құрылысына кіріссін;

5) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

